

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

**педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ДІ
ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ»**

АЛМАТЫ 2026

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыптық құрылымы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Жалпы ережелер

1. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарын (арнайы педагогтар, психологтар, тәрбиешілер, педагог-ассистенттер) оқытуды көздейді.

2. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында әрбір баланың ерте қолдауына қолжетімділік пен сапаны қамтамасыз етуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері (ППҚК) белсенді түрде құрылып, дамуда. Инклюзивті білім беру саясатын жүзеге асыру және халықаралық міндеттемелерді орындау аясында *«ерекше білім беруді қажет ететін балалар»*, *«ерте көмек»*, *«мектепке дейінгі білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау»* және басқа да негізгі ұғымдар енгізілген. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру қызметтеріне тең қолжетімділік принципіне бағытталған заманауи мектепке дейінгі білім беру сапасына қойылатын талаптар ППҚК мамандары – арнайы педагогтар, психологтар, тәрбиешілер және педагог-ассистенттер – тәрбиелеу-білім беру әрекеттерінде арнайы жағдайларды жасауға белсенді қатысуын талап етеді. Бұл мамандардан мектепке дейінгі жас балалардың жас ерекшеліктерін терең түсінуді, ерекше білім беру қажеттіліктері мен дамудағы бұзылыстарды ерте диагностикалау әдістерін меңгеруді, сондай-ақ білім беру және түзету жұмыстарын дифференциялау мен индивидуализациялау технологияларын білуін талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарына арналған біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мектепке дейінгі білім берудің динамикалық дамуы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте анықтау және сүйемелдеу қажеттілігі мен мамандардың ерте диагностика, түзету-дамыту жұмыстары және пәнаралық өзара әрекеттесу саласындағы кәсіби құзыреттерінің жеткіліксіз деңгейі арасындағы қарама-қайшылықпен анықталады.

Жүргізілген кәсіби қажеттіліктерді талдау көрсеткендей, тәрбиешілер, арнайы педагогтар, педагог-ассистенттер және психологтар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктерін ерте анықтау, жеке білім беру бағдарламаларын құру, түзету әдістері мен әдістемелерін қолдану, ата-аналармен өзара әрекеттесу және көпсалалы команданың құрамында жұмыс жасау мәселелері бойынша жүйелі білімге қажеттілік сезінеді. Көптеген мамандар біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік ұсынымдардың олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және инклюзивті тәжірибе жағдайында табысты жұмыс істеу үшін маңызды ресурс екенін атап көрсетеді.

Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған және мамандар мен тәрбиешілердің психологиялық-педагогикалық көмек көрсету сапасын арттыруға ықпал етеді.

2. Глоссарий

Термин	Термин анықтамасы
Инклюзивті білім беру	инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс; (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы); инклюзивті білім беру – барлық балаларға сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім берудің үздіксіз даму процесі, бұл процесс әртүрлілікті, әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді ескере отырып, барлық түрдегі кемсітушілікті жоюға негізделген (ЮНЕСКО).
Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)
Ерекше білім беру қажеттіліктері	сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін оқу-дамыту үдерісінде көрсетілетін көмек пен қызметке қажеттіліктер, оларсыз білім алу мүмкін емес
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау
Психологиялық-педагогикалық қолдау	білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)	белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)
---	--

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу	мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік ортаға белсенді бейімделуі – бұл мақсатты психологиялық және әлеуметтік қолдау арқылы қоғамда қабылданған құндылықтар, тәртіп пен мінез-құлық нормаларын меңгеру және қабылдау, сондай-ақ еңбекке даярлық процесі
Білім алу үшін арнаулы жағдайлар	ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар
Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы медициналық тәсіл	оқу қиындықтарын медициналық диагноздар түрінде бағалауға негізделген тәсіл, мұнда оқыту арнайы білім беру ұйымдарында оқшауланған түрде жүргізіліп, дамудағы кемшіліктерді түзетуге бағытталған
Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы әлеуметтік-педагогикалық тәсіл	оқу қиындықтарын психологиялық-педагогикалық бағалауға және оқушының білім беру қажеттіліктерін анықтауға негізделген тәсіл, мұнда оқыту арнайы жағдайлар жасау арқылы жалпы білім беру үдерісіне қатыстыруға бағытталған

Психологиялық-- педагогикалық диагностика	мектепке дейінгі жас балалардың дамуы мен оқуындағы қиындықтардың себептері мен сипаттарын анықтауға, сондай-ақ дамытушы психологиялық-педагогикалық көмектің бағыттарын белгілеуге арналған психологиялық-педагогикалық әдістер, тәсілдер және диагностикалық құралдардың кешені.
Жеке дамыту бағдарламасы	балаға психологиялық көмектің негізгі бағыттары мен мазмұнын: әдістерін, тәсілдерін, технологияларын ашып көрсететін құжат
Психологиялық- медициналық- педагогикалық кеңес	балаларды туғаннан 18 жасқа дейін психологиялық-педагогикалық тексеруді жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымы, оның мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін қажеттіліктерді анықтау және бағалау, жалпы және арнайы білім беру ұйымдарында олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсыныстар дайындау, сондай-ақ отбасы, мұғалімдер, тәрбиешілер және мектепке дейінгі және мектептік білім беру ұйымдарының мамандарына кеңес беру.

Терминдердің өзектілігі олардың арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардағы соңғы өзгерістерге сәйкестігімен негізделген.

3. Бағдарлама тақырыптық құрылымы

4. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының (арнайы педагогтар, психологтар, тәрбиешілер және педагог-ассистенттер) кәсіби құзыреттілігін өзекті бағытта – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерте анықталуы, сүйемелдеуі және қолдауында арттыруды көздейді.

Бағдарламаның жаңашылдығы мынада: алғаш рет мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, оның

ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру мен мазмұнындағы қазіргі заманғы тәсілдер жүйелі түрде ашылып көрсетіледі. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті тәжірибе мен ерте көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі жаңа әдістемелік ұсынымдарына (2022 ж., 2023 ж., 2024 ж.) негізделген.

Алғаш рет курстар аясында мыналар ұсынылады:

- ерте және мектепке дейінгі жас балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау бойынша мектепке дейінгі ұйымның көпсалалы командасының қызметі тәртібі мен мазмұны;
- білім беру қажеттілігін бағалау, дамуды бақылау және түзету жұмыстарын жоспарлау кезінде ППҚҚ мамандарының өзара әрекеттесу алгоритмі;
- мектепке дейінгі ұйым жағдайында жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеудің қазіргі заманғы тәсілдері;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық, түзету және педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи әдістері мен технологиялары;
- мінез-құлық бұзылыстары, психологиялық- сөйлеу тілінің дамуының кешігуі, зиятында бұзылыстары, АСБ және басқа ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдаудың ерекшеліктері;
- баланың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға және сәтті әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін дамытушылық, ойын, сенсорлық және коммуникативтік ортаны ұйымдастыру тәсілдері.

Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, инклюзивті тәжірибе, ерте көмек көрсету, пәнаралық өзара әрекеттесу және тәрбиеленушілердің отбасыларымен ынтымақтастық саласындағы кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған.

5. Бағдарлама тақырыптық құрылымы 14 тақырыпты қамтиды.

1 Тақырып. Инклюзивті білім берудің түсінігі, саясаты және әдістемесі.

2 Тақырып. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. Жалпы білім беруді реформалау контекстіндегі Қазақстандағы инклюзивті білім берудің дамуы.

3 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар (ЕБҚБ) топтарының сипаттамасы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу үдерісін ұйымдастырудағы медициналық және әлеуметтік-педагогикалық тәсілдер.

4 Тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы. Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған арнайы жағдайларды ұйымдастыру.

5 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын анықтау алгоритмі (12 қадам).

6 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқуындағы арнайы қиындықтарды психологиялық-педагогикалық жүйелеу. Оқу қиындықтарының әртүрлі түрлерінің сипаттамасы: себептері, мінездемесі, негізгі көріністері.

7 Тақырып. Жалпы білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі арқылы балалардың оқу қиындықтарын анықтау. Мектепке дейінгі оқу қиындықтары бар балаларды анықтау нәтижелерін құжаттау. Оқу қиындықтарының себептері мен сипаты жөніндегі диагностикалық гипотезаны құру.

8 Тақырып. Оқу және/немесе мінез-құлықтағы қиындықтары бар балаларға психологиялық тексеру. Мектепке дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық тексерудің мақсаты, міндеттері, принциптері және кезеңдері. Психологиялық тексерудің мазмұны: баланың танымдық қызметін және эмоциялық-ерік сферасын зерттеуге арналған әдістер, тәсілдер және тесттер. Тексеру нәтижелерін талдау және оқу қиындықтарының сипатын диагностикалау. Психологиялық тексеру нәтижелерін құжаттау. Түзете-дамыту бағдарламасын құру.

9 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы педагогтар (олигфренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) тексеруі. Тексерудің мазмұны: баланың танымдық қызметін, сенсомоторлық дамуын, сөйлеу тілін, эмоциялық-ерік және ойын сфераларын зерттеуге арналған әдістер мен тәсілдер. Нәтижелерді талдау және даму қиындықтарының сипатын анықтау. Тексеру нәтижелерін құжаттау. Түзете-дамыту бағдарламасын құру.

10 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды логопедтің тексеруі. Тексерудің мазмұны: баланың сөйлеу тілінің дамуының ерекшеліктерін анықтау, сөйлеу тілінің бұзылыстарының құрылымы мен деңгейін белгілеу, сөйлеу тілін, когнитивтік және мінез-құлық ерекшеліктері арасындағы байланысты анықтау, сондай-ақ логопедиялық жұмыстың бағыттарын белгілеу. Нәтижелерді талдау және даму қиындықтарының сипатын анықтау. Тексеру нәтижелерін құжаттау. Түзете-дамыту бағдарламасын құру.

11 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке дамыту бағдарламаларын құру: тәрбиеленушілермен жұмыс бағыттарын, мақсаттарын (күтілетін нәтижелер) және мазмұнын анықтау. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жеке дамытушы жұмыстың мақсаты, міндеттері және принциптері. Мамандармен сабақ жүргізу шарттары мен талаптары. Бағдарламаны командалық тәсілмен жүзеге асыру.

12 Тақырып. Оқу қиындықтары бар балаларды тәрбиешінің тексеруі. Тексерудің мазмұны: баланың білім беру үдерісіндегі дамуының ерекшеліктерін анықтау, таным, коммуникация, мінез-құлық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларындағы арнайы қиындықтарды белгілеу, сондай-ақ жеке дамыту жұмысы үшін қажетті жағдайлар мен педагогикалық әдістерді анықтау.

13 Тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагог-ассистенттің қолдауы. Бақылау және жұмыс әдістері. Нәтижелерді құжаттау.

14 Тақырыбы. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Ата-аналармен жұмыс.

4. Бағдарламаның мақсаты.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамыту, ерте және мектепке дейінгі жас балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау (бағалау), психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, ерте сүйемелдеуді ұйымдастыру және балабақшада инклюзивті тәжірибе жағдайында жеке даму бағдарламаларын жүзеге асыру.

5. Бағдарламаның міндеттері.

1) балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдайлар жасағанда және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастырғанда Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру саласындағы заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер нормаларын қолдану дағдыларын қалыптастыру;

2) тыңдаушыларды командалық (көпсалалы) тәсіл принциптеріне сәйкес мектепке дейінгі балалардың дамуы мен ерекше білім беру қажеттіліктерін кешенді психологиялық-педагогикалық бағалау алгоритмдері мен әдістерімен таныстыру;

3) ППҚҚ мамандарының өзара, топ тәрбиешілерімен, педагог-ассистенттермен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту, жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын (ЖППБ) құру және жүзеге асыру;

4) мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық-педагогикалық тексеруді жүргізу, даму, мінез-құлық және коммуникациядағы бұзылыстардың себептері мен ерекшеліктерін анықтау дағдыларын қалыптастыру;

5) тыңдаушыларды балабақша жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеуге үйрету;

6) мамандарға әртүрлі даму қиындықтары бар балаларға (сөйлеу, когнитивтік, мінез-құлықтық, коммуникативтік) ерте түзету көмегін көрсетуге арналған заманауи әдістер мен технологияларға үйрету;

7) балалармен жұмыс әдістері мен технологиялармен таныстыру: қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестік бұзылыстары бар балалар (АСБ), эмоционалды-мінез-құлық бұзылыстары, психологиялық-сөйлеу тілінің дамуының кешігуі және зиятында бұзылысы бар балалармен жұмыстануда.

6. Күтілетін нәтижелер

Тыңдаушылар:

1) мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқытуды ұйымдастыру үшін арнайы жағдайларды нормативтік-құқықтық тұрғыдан негіздеуге қабілетті болады;

- 1) ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау алгоритмдері мен әдістерін пәнаралық өзара әрекеттесу принциптері негізінде меңгере алады;
- 2) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке қолдау бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру кезінде тәрбиешілермен, ата-аналармен және ППҚҚ мүшелерімен тиімді өзара әрекеттесе алатын болады;
- 3) балалардың дамуы мен мінез-құлқындағы қиындықтардың себептерін анықтау үшін психологиялық-педагогикалық тексеруді жүргізу, нәтижелерін талдау дағдыларын меңгерген болады;
- 4) ерекше білім беруді қажет ететін мектепке дейінгі балаларға арналған жеке дамытушы және түзету-дамыту бағдарламаларын құра алатын болады;
- 5) әр түрлі даму және мінез-құлық қиындықтары бар балаларға ерте түзету көмегін көрсетуге арналған заманауи әдістерді меңгерген болады;
- 6) қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестік бұзылыстары бар балаларға (АСБ), эмоционалды-мінез-құлық қиындықтары, дамуында кешігулері және зиятында бұзылысы бар балаларға арналған жұмыс әдістері мен тәсілдерін қолдана алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық және вариативтік.

1. Нормативтік-құқықтық модуль
2. Психологиялық-педагогикалық модуль
3. Мазмұндық модуль

4. Технологиялық модуль

5. Вариативті модуль

8. Нормативтік-құқықтық модуль (мектепке дейінгі ұйымдарға бейімделген)

2 тақырып. Мектепке дейінгі салада және инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. «Инклюзивті білім беру» ұғымының заманауи түсіндірмесі, оның әділетті, қолжетімді және кемсітушіліксіз қоғам құрудағы рөлі. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында инклюзия принциптерін жүзеге асыру ерекшеліктері.

- Халықаралық құқықтық база:
- Адам құқықтарының жалпы декларациясы (БҰҰ, 1948)
- ЮНЕСКО конвенциясы «Білім саласында кемсітушілікпен күресу» (1960)
- БҰҰ конвенциясы «Баланың құқықтары туралы» (1989)
- БҰҰ конвенциясы «Мүгедектердің құқықтары туралы» (2006)
- Саламан декларациясы, ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту саласындағы принциптер, саясат және практика (1994)
- Инчхон декларациясы және Тұрақты даму мақсаттары (2015) – ерте білім алудың қолжетімділігіне баса назар

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауда ерте анықтау және ерте араласу халықаралық стандарт ретінде қарастырылады.

- Отандық нормативтік-құқықтық база:
- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- ҚР «Баланың құқықтары туралы» заңы
- ҚР «Білім туралы» заңы
- ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық түзету көмегі туралы» заңы
- Мектепке дейінгі ұйымдардың типтік ережелері
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік бағдарламасы
- Мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық-педагогикалық қолдау ережелері
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрықтары (соның ішінде 2022–2025 жж. өзекті құжаттары) – ППҚЖ жұмысы, ерте көмек ұйымдастыру, мамандардың құжат жүргізуі бойынша
- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік ұсынымдары мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша (2022–2025 жж.)

Модульде мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңартудың ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған инклюзивті тәжірибе мен ерте сүйемелдеуді дамытудағы методологиялық негіз ретіндегі рөлі қарастырылады.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

3 тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар топтарының сипаттамасы: даму бұзылыстары бар балалар (Disabilities), бір немесе бірнеше пәнде оқу қиындықтары, мінез-құлықтық және эмоционалды проблемалары бар балалар (Difficulties), әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, тілдік немесе мәдени жағдайларға байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері туындайтын балалар (Disadvantages) – ОЭСР ұсынған, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау ережелерінде көрсетілген. Медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдер (тәсілдер) – мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбие және білім беру үдерісін ұйымдастырудағы тәсілдер. Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ПМПК-да бағалау.

Мүмкіндігі шектеулі, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестік бұзылыстары (АСБ), мінез-құлық бұзылыстары бар балалардың психологиялық сипаттамасы.

6 Тақырып. Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму және оқу қиындықтарының психологиялық-педагогикалық жүйелеуі. Оқу қиындықтары бар балаларға оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар. Негізгі оқу қиындықтарының қысқаша сипаттамасы: төмен еңбек өнімділігіне байланысты қиындықтар: жұмысқа баяу кірісу; мақсатты әрекет немесе күн бойы тез шаршау немесе еңбек өнімділігінің ауытқуы. Белсенді реттеудің, жоспарлау және бақылаудың жеткіліксіздігі: жоғары алаңдаушылық, қозғалыс белсенділігі мен импульсивтік; тапсырмаға кірісудегі қиындық, оның шарттарын түсіну мен мақсатты сақтау қиындықтары және т.б. Тыңдау-сөйлеу ақпаратын өңдеудегі қиындықтар: баяу сөйлеуді қабылдау; сұрақты түсіну үшін уақыт қажет; тыңдап қабылдау жүктемесінде шаршау – тыңдау зейінінің төмендеуі – сөйлеу тілін түсінудегі қиындықтар. Көру және көрнекі-кеңістіктік ақпаратты өңдеудегі қиындықтар: кеңістікте бағдарлануда және кеңістіктік қатынасты білдіретін сөздерді (оң-сол, алды-кейін, үстінде-астында) түсінуде қиындықтар; қағаздағы жолды табу, жолды сақтау және т.б. қиындықтар. Балалардың даму қиындықтарын жалпы білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі арқылы анықтау және бағалау. Мектепке дейінгі жас ерекшеліктері бар ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жеке дамытушы жұмыстың мақсаттары мен принциптері.

10. Мазұндық модуль:

1 Тақырып. Инклюзивті білім берудің түсінігі, саясаты және әдістемесі. Мүгедектігі бар мектеп оқушыларының оқу үдерісін ұйымдастырудағы медициналық және әлеуметтік-педагогикалық модельдер (тәсілдер): «Инклюзивті білім беру» ұғымының заманауи түсіндірмесі – жалпы білім беруді үздіксіз дамыту процесі, барлығына сапалы білім беру мақсатында, әртүрлілікті, әртүрлі қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді сыйлай отырып, барлық кемсітушілік формаларын жоюға бағытталған (БҰҰ, ЮНЕСКО). Инклюзивті білім берудің құндылықтары. Инклюзивті білім берудің үш аспектісі: инклюзивті мәдениет, инклюзивті саясат, инклюзивті практика. Жүйелік тәсіл және әлеуметтік-педагогикалық модель – ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу үдерісін ұйымдастырудағы әдістемелік негіз ретінде инклюзивті білім беруді дамыту.

4 тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктерінің сипаттамасы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау – оқу үдерісінде көмек пен қызмет көрсету қажеттіліктері, олар ерекше қабілеттерге, туабытты немесе алынған бұзылыстарға, сондай-ақ әлеуметтік ортадағы қолайсыз факторларға байланысты туындайды. Ерекше білім беру қажеттіліктерінің сипаттамасы және олардың жалпы білім беру жағдайында қанағаттандырылуын нормативтік қамтамасыз ету: оқу жоспары мен бағдарламаларын өзгерту; вариативті, арнайы және баламалы оқу әдістерін қолдану; оқу нәтижелерін (оқушының жетістіктерін) бағалау тәсілдерін, критерийлерін және бағалау материалдарын өзгерту; оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау; кедергісіз ортаны жасау және оқу орнын бейімдеу; арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (логопед, психолог, арнайы педагог: олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, педагог-қолдаушы, әлеуметтік педагог) – ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы, «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы».

Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру – балалардың білім алуына арналған арнайы жағдайлардың маңызды құрамдас бөлігі. Нормативтік және әдістемелік қамтамасыз ету – ерекше білім беру қажеттіліктерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған арнайы жағдайларды ұйымдастыру: мектепке дейінгі балалар үшін оқу, пәндік-дамыту ортасын және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру, ЕБҚ ескеріліп, мектепке дейінгі ортаның талаптарына сәйкестендіру; баланы қолдау үшін отбасының әлеуетін пайдалану; мектепке дейінгі орта қалыптастыру бойынша әкімшілік пен педагогикалық ұжымның негізгі іс-әрекеттері, оқу үдерісінің қатысушыларының функционалы; балабақшаның қолайлы ортасын құру бойынша күтілетін нәтижелер

11.Технологиялық модуль.

5 тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағыттарын анықтау алгоритмі (12 қадам): балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттарын ПМПК қорытындысына сәйкес анықтау. Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың кезеңдері және педагогтар/тәрбиешілер мен қолдау мамандары қолданатын құралдар. Балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалау және қолдау үдерісінде педагогтар/тәрбиешілер мен мамандардың өзара әрекеттесу ерекшеліктері (командалық тәсіл). Сүйемелдеу мамандарының құжат жүргізу тәртібі. Қазақстан Республикасында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсету жүйесінде деңгейлік тәсіл: қолдау бір деңгейден екінші деңгейге өту арқылы ұйымдастырылады.

7 тақырып. Оқу және/немесе мінез-құлық қиындықтары бар балаларды психологиялық тексеру. Мақсаты, міндеттері және кезеңдері: мектеп жасындағы балаларды психологиялық тексерудің мақсаты мен міндеттері. Психологиялық-педагогикалық тексерудің принциптері: кешенді тәсіл және психикалық қызметтің барлық аспектілерін жан-жақты зерттеу; тұтас және жүйелік тәсіл (дамудағы бастапқы және екінші деңгейдегі бұзылыстарды анықтау); балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қасиеттерін ескеру; тек сандық нәтижелерді ғана емес, баланың барлық қызметі мен мінез-құлқын сапалы талдау. Зерттеу әдістері, методикалары және тесттер: танымдық қызметті зерттеу: ойлау қабілеті, еңбек өнімділігі, зейін, тыңдау-сөйлеу, көру және көрнекі-кеңістіктік функциялар. Эмоциялық-ерік және тұлғалық сала: тұлғаралық қатынастар, эмоционалды-мінез-құлық ерекшеліктері (қорқақтық, қақтығыстық, агрессивтік және т.б.)

Тексеру нәтижелерін талдау және даму қиындықтарының сипатын диагностикалау – психологиялық-педагогикалық жүйелеуге сәйкес. Психологиялық-педагогикалық қорытынды (ұсыныс) және мектепке дейінгі жастағы балалардағы даму қиындықтарының көріністерінің біріктірілген сипаттамасын жасау: олардың себептерін, сипатын және түрін анықтау. Анықталған қиындықтарды жеңуге арналған жеке дамытушы жұмыс бағыттарын әзірлеу. Тексеру нәтижелерін құжаттау.

8 тақырып. Психологтың ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке дамыту бағдарламаларын құруы: дамытушы жұмыстың бағыттарын анықтау және нақты мақсаттарды күтілетін нәтижелер ретінде қалыптастыру. Балалармен психологиялық жұмыстың мазмұнын әзірлеу: нақты әдістерді, технологияларды, тәсілдерді, жаттығулар мен тапсырмаларды тандау және сипаттау.

9 тақырып. Арнайы педагогтар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке дамытушы бағдарламаларын құруы: түзете-дамыту жұмыстың бағыттарын анықтау және нақты мақсаттарды (күтілетін нәтижелерді) қалыптастыру. Балалармен жұмыс мазмұнын әзірлеу: нақты әдістерді, технологияларды, тәсілдерді, жаттығулар мен тапсырмаларды таңдау және сипаттау.

10 тақырып. Логопедтің ЕБҚ бар балаларға арналған жеке дамыту бағдарламаларын құрастыруы: сөйлеу бұзылысының құрылымын, баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту логопедиялық жұмысының негізгі бағыттарын анықтау; логопедиялық сүйемелдеудің күтілетін нәтижелері ретінде нақты мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдау; білім алушылармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың мазмұнын әзірлеу: түзете оқытудың тиімді әдістері мен технологияларын іріктеу және сипаттау; логопедиялық ықпал ету тәсілдерін таңдау; дыбыс айтуын, фонематикалық қабылдауды, сөздік-құрылымдық (лексика-грамматикалық) сөйлеуді, байланыстырып сөйлеуді, сондай-ақ коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін әзірлеу.

11 тақырып. Баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру; нәтижелерге бағдарлану, олардың қолжетімділігі мен бақылау мүмкіндігіне сүйене отырып; психолого-педагогикалық, түзетуші және дамытушы жұмыстың интеграциясы. Психолог, логопед, арнайы педагог, педагог-ассистент және тәрбиеші диагностика нәтижелерін бірге талдап, мақсаттар мен жұмыс әдістерін талқылайды; әрбір балаға біртұтас тәсіл қалыптасады, барлық мамандардың іс-әрекеттерінің сабақтастығы мен үйлесімділігі қамтамасыз етіледі; бірлескен жоспарлау баланың дамуының барлық аспектілерін ескеруге мүмкіндік береді: когнитивтік, сөйлеу, эмоционалдық және мінез-құлықтық; тұрақты командалық кездесулер, аралық нәтижелерді талқылау және бағдарламаларды бақылау негізінде түзету баланың өзгерістеріне және қажеттіліктеріне жылдам жауап беруге мүмкіндік береді.

12 Тақырып. Білім беру бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар мектепке дейінгі жастағы балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары, атап айтқанда: есту-сөйлеу, көру және көру-кеңістіктік ақпаратты өңдеудің бұзылыстары немесе жеткіліксіздігімен; танымдық белсенділіктің, зейіннің шектелуімен; мінез-құлық пен іс-әрекеттің ерікті реттелуінің бұзылыстарымен байланысты қиындықтары бар балаларға көмек көрсету.

13 Тақырып. Педагог-ассистенттің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сүйемелдеу бағдарламасын құрастыруы: дамыту жұмысының бағыттарын айқындау және күтілетін нәтижелер ретінде нақты мақсаттарды

тұжырымдау. Білім алушылармен жұмыс мазмұнын әзірлеу: нақты әдістерді, технологияларды, тәсілдерді және стратегияларды іріктеу және сипаттау.

12. Вариативті модуль

14 тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Ата-аналарға тұрақты консультациялар өткізу, бірлескен кездесулер ұйымдастыру және ата-аналардың жеке даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы: баланы тәрбиелеу мен оқытуда бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

13. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыптарына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

14. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтықтан (онлайн) форматта жүзеге асырылады.

15. Білім беру үдерісі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптарда практикалық жұмыс, топтық тренинг, шеберлік сабағы, кейс-әдіс, мәселелерді бірлесіп шешу.

16. Мектепке дейінгі білім беру мамандарының Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру мақсатында келесілер қарастырылған: кейінгі талқылау мен рефлексия жүргізе отырып, топтық жұмысты кеңінен қолдану; құжаттамамен жұмыс; теорияның негізгі мәселелерін және кейс-стадилерді шағын топтарда талқылап, ұжымдық жұмыстарды таныстыру; психологтардың командалық жұмысын дамытуға арналған тренингтер.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

17. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге мыналар кіреді:

1) педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) мамандардың ерекше білім беру қажеттіліктерін терең бағалау процесі мен нәтижелерін талдау үшін арналған тарату материалдары. Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке дамытушы бағдарламаларды құру процесін және нәтижесін көрсететін тарату материалдары;

3) Мектепке дейінгі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының қызметін ұйымдастыратын және оның жұмыс мазмұнын ашатын құжаттама пакеті: мамандардың жылдық жұмыс жоспары; апталық жоспарлау; сабақтардағы баланы бақылау хаттамалары және тереңдетілген педагогикалық тексеру; қорытынды (ұсыныс); жеке дамыту бағдарлама: дамыту жұмыстың

бағыттары және түзете-дамыту бағдарламасының мазмұны: әдістер, әдістемелер, тәсілдер, дамыту жұмысының құралдары.

4) әр түрлі дамудағы қиындықтары және білім беру бағдарламасын меңгерудегі қиындықтары бар мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жеке дамыту бағдарламалардың үлгілері;

5) қатысушылардан кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өзіндік жұмыстарға арналған материалдар. Бағдарламада келесі түрдегі өзіндік жұмыстар қарастырылған: «Командалық проблемаларды шешу» тақырыбындағы топтық тренинг нәтижелері бойынша қысқаша рефлексивтік есеп; «Мектепке дейінгі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі психологының іс-әрекет алгоритмі» тақырыбында презентация; жеке дамытушы бағдарламаны құру және оның мазмұнын әзірлеу бойынша бақылау жұмысы: технологиялар, әдістер, жұмыс тәсілдері. Қорытынды бақылау жұмысы тестілеу форматында жүргізіледі: біліктілікті арттыру курсының негізгі тақырыптары бойынша тест сұрақтары.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

18. Қатысушылардың дағдыларының қалыптасуын бақылау және білімін бағалау мақсатында экспресс-сұраулар, өзіндік жұмыстар және қорытынды бақылау жұмысы жүргізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс парақтары, тест тапсырмалары оқу-әдістемелік кешенге (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

19. Қатысушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін және Бағдарлама мазмұнын меңгеруін анықтау мақсатында оқытушы құрам әр тақырып бойынша бақылау тапсырмаларын (өзіндік жұмыстар, сұрау парақтары және т.б.) әзірлейді, кері байланыс жүргізу және қорытынды бақылау жұмысын жүзеге асырады. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материалдар таңдалады (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар, бейнематериалдар және т.б.), Бағдарлама мазмұны бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: орындалмаған (дұрыс жауаптар жоқ), ішінара орындалған (дұрыс жауаптар 50%-дан аз), ортадан жоғары деңгейде орындалған (дұрыс жауаптар 50%-70%), толық орындалған (дұрыс жауаптар 70%-100%). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсынан өту үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70%-ын алу қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде посткурстық сүйемелдеу кезеңіндегі консультациялар мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

20. Қатысушыларға курстан кейінгі сүйемелдеу келесі форматтарда жүзеге асырылады:

- жеке және топтық консультациялар (видеоконференция режимін қоса алғанда);
- мәтіндік және бейнематериалдарды қолдана отырып, әдістемелік және нормативтік-құқықтық сүйемелдеу;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (вебинарларды қоса алғанда);
- дөңгелек үстелдер.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

- 1 • «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2023 жылғы 7 наурыздағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 2 • «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық түзету қолдауы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 11 шілде № 343-ІІ (2021 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 3 • «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң 2021 жылғы 26 маусым № 56-VII ЗРК.
- 4 • «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2008 жылғы 30 қаңтар № 77, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусым № 346 Қаулысымен редакцияланған
- 5 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 «Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың типтік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығымен редакцияланған)
- 6 • Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы».

7 □ Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында психолого-педагогикалық қолдау қызметінің ережелерін бекіту туралы».

8 □ Қазақстан Республикасының Білім министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру, арнаулы, арнайы білім беру ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының типтік қызмет ережелерін бекіту туралы». 2 қосымша: Орта білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) типтік қызмет ережелері.

9 • Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат түрлері мен нысандарын бекіту және оларды беру ережелері туралы».

10 • Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы «Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру ұйымдары және арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау мен жиһазбен қамтамасыз ету нормалары туралы»

11 Елисева И.Г., Ерсарина А.К. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған психолого-педагогикалық қолдау. Алматы. 2019. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

12 Ерсарина А.К. Жалпы білім беретін ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған психологиялық қолдау. Алматы. 2022. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

13 Білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагог-ассистенттің қолдауы: әдістемелік нұсқаулық / Егорова Е.В., Аханова Ж.Б., Култаев Д.Х. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. организациях. Алматы. 2022. [Электронды ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

14 Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психолого-педагогикалық қолдау (уровневый подход): әдістемелік нұсқаулық / Елисева И.Г., Аханова Ж.Б. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]

14. Жалпы білім беретін балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психолого-педагогикалық қолдау. Часть 1. әдістемелік нұсқаулық / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022.

15. Жалпы білім беретін балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психолого-педагогикалық сүйемелдеу: әдістемелік нұсқаулық / Баймуратова А.Т., Досбол П.Б. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023.

16. Әртүрлі типтегі арнайы мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілеріне психолого-педагогикалық қолдаудың ұйымдастырушылық және мазмұндық негіздері: әдістемелік нұсқаулық / Г.М.Коржова, Т.А.Вишневская – Алматы: ННПЦ РСИО, 2024.

17. Балабақшада мүмкіндігі шектеулі балаларға психолого-педагогикалық қолдау бойынша жеке бағдарламаларды әзірлеу: әдістемелік нұсқаулық / Баймуратова А.Т., Самиева Г.Б. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2024.

15 Көптеген даму бұзылыстары бар мектепке дейінгі жас балаларға педагогикалық әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету процесінде коррекциялық технологиялар: әдістемелік нұсқаулық / Г.А. Абаева, И.Т. Жангелдина – Алматы: ННПЦ РСИО, 2014.

16 Зиятында бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балалармен коррекциялық-педагогикалық жұмыстың технологиялық негіздері (білім беру саласы «Таным», кіші салалары: «Сенсорлық тәрбиелеу», «Ойлау қабілетін қалыптастыру»): әдістемелік нұсқаулық / Халыкова Б.С., Завалишина О.В. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2014.

17 Баланың ерте дамуы (екі жасқа толған баланың ата-аналарына арналған кеңестер мен ұсынымдар): әдістемелік нұсқаулық / А. К. Ерсарина, О.Б.Карелина, Б.С.Халыкова.- Алматы: ННПЦ РСИО, 2015.

18 Сөйлеу тілінің дамуының ауытқулары бар кіші мектепке дейінгі жас балалармен коррекциялық-педагогикалық жұмысты әдістемелік қамтамасыз ету: әдістемелік нұсқаулық / Пашигорева И.В. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2015.

19 Мектепке дейінгі жас балалардың сенсомоторлық дамуын психолого-педагогикалық диагностикалау: әдістемелік нұсқаулық / Ерсарина А.К., Кудайбергенова Г.К., Алмазова Т.Н., Денисова Г.Ю - Алматы: ННПЦ РСИО, 2016.

20 Кохлеарлық имплант орнатылған мектепке дейінгі жас балаларға психолого-педагогикалық қолдау: әдістемелік нұсқаулық / Баймуратова А.Т., Пашигорева И.В. - Алматы: ННПЦ РСИО, 2016.

21 Деннисон П., Деннисон Г. Программа «Миды жаттықтыру». 1-2 бөлім. - М., 1997.

22 Денеге бағытталған психотерапия және психотехника бойынша хрестоматия / ред. В.Ю. Баскакова. М., 1993.

Қосымша әдебиеттер тізімі

23 Саламан декларациясы «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту саласындағы саясат және практикалық қызмет қағидалары» 1995 ж

24 Д. Митчелл. Ерекше және инклюзивті білім беру саласындағы тиімді педагогикалық технологиялар. Кітаптан тараулар. М.: РООИ «Перспектива», 2011 ж. [Электронды ресурс <https://dogmon.org/devid-mitchell-effektivniepedagogicheskie-tehnologii-speciale.html>].

25 Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға мектептерде қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді психолого-педагогикалық сүйемелдеу және қолдау көрсету. Әдістемелік ұсыныстар. НАО, Астана, 2015 ж. [Электронды ресурс <https://nao.kz/>].

26 Айдарбекова А.А. Жалпы білім беретін ұйымдарда әлеуметтік-гумандық орта құру. Алматы, 2015.

27 Семенович А.В. Балалық шақта нейропсихологиялық коррекция. Орнын ауыстыратын онтогенез әдісі: Оқу құралы.- баспа.- М.:Генезис, 2007.

28 Крановиц К.С. Теңгерімсіз бала. Сенсорлық ақпаратты өңдеу процесіндегі бұзылыстарды қалай анықтап, онымен қалай күресуге болады. - Спб.:, 2012.

29 Сиротюк А.Л. Білім беруде нейропсихологиялық және психофизиологиялық қолдау. – М., 2003.

30 Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. М.- Академический проект.- М., 2000.

31 Е.А. Ямбург, С.Д.Забрамная. Білім беру ұйымында балаларды қолдау қызметін басқару.- М., 2013 г.

32 Ахутина Т.В., Камардина И.О., Пылаева Н.М. Мектептегі нейропсихолог. Жалпы білім беру жағдайында оқу қиындықтары бар балаларға жеке тәсіл. -М., 2013.